

Жауапкершілігі шектеулі
серіктестік

«АлтынLand»

БСН 230740032634

090010, Орал қаласы, Деркөл а.,

Жаяу Муса көшесі, 2 үй

Телефон 8701 386 81 55

Товарищество с ограниченной

ответственностью

«АлтынLand»

БИН 230740032634

090010, город Уральск,

п.Деркул, ул. Жаяу Муса, д.2

Телефон 8701 386 81 55

БҰЙРЫҚ №5

02.09.2024 ж.

§3. Жас маманға тәлімгер тағайындау туралы

Еңбек жолын жаңадан бастаған жас педагогтерге әдістемелік көмек көрсету, олардың кәсіби шеберлігін арттыру және ұжымға бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Тәрбиеші Сельбаева Асылай Каирлиевнаның 2024–2025 оқу жылындағы тәлімгері болып тәжірибелі тәрбиеші Джубаева Гульмира Багжановна тағайындалсын.

2. Тәлімгер *Джубаева Г.Б.*

-Жас маманның жеке кәсіби даму жоспарын/тәлімгерлік жоспарын жасап, бекітуге ұсынсын;

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттерді, циклограммаларды құруға және оқу-тәрбие процесін жоспарлауға көмек көрсетсін;

-Топтық және ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысып, әдістемелік кеңес берсін.

3. Жас маман *Сельбаева А.К.:*

-Тәлімгермен бірлесе отырып жасалған кәсіби даму жоспарын сапалы орындасын;

-Тәлімгердің және басқа да тәжірибелі педагогтердің іс-әрекеттеріне қатысып, тәжірибе жинақтасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын



«АлтынLand» бөбекжайы меңгерушісі

А.А.Мусаева

Таныстырылды:

Г.Б. Джубаева

А.К.Сельбаева



Бекітемін:

M. Jeev

«АлтынLand» ЖШС «АлтынLand» бөбекжайы
менгерушісі А.А.Мусаева

2024-2025 оқу жылына арналған жас мамандармен жұмыс жоспары

Мақсаты: жас мамандарға педагогика мен психология саласында теориялық және практикалық мәселелер бойынша әдістемелік көмек пен жеке кеңестер беруді өткізуді ұйымдастыру. Жас мамандарды педагогикалық ізденістерге үйрету, ұстаздық шеберлікке тәрбиелеу, қазіргі заман талаптарына сай жаңа ұйымдастырылған іс-әрекетіне қойылатын талаптарды меңгерту.

Міндеттері:

- оқыту үрдісінде ізгілендіру мен демократияландыруды басшылыққа алу;
- жаңа заман талабына қойылатын талаптарды зерттеу;
- педагогикалық жаңашылдықты үйрену, меңгеру және дамыту.

Жұмыс түрі: жеке және топтық консультациялар, ұйымдастырылған іс-әрекет қызметтеріне қатысу, шебер-сыныптар, тренингтер, дөңгелек үстел кездесулері, презентациялар, жобаларды қорғау, сауалнама жүргізу.

Негізгі қызмет түрлері:

- Бөбекжайдың озат педагогтардың іс-тәжірибесін зерделеу арқылы жаңадан келген жас мамандардың педагогикалық шеберлікті меңгеруіне көмек көрсетуді ұйымдастыру;
- тәжірибелі педагогтердің «Шеберлік сабақтарын» және ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде өткізу;
- педагогикалық кеңестерді, семинарларды, конференцияларды дайындауға және ұйымдастыруға, оқу-әдістемелік бірлестіктердің жұмысына жас мамандарды тарту;
- жас мамандарға арналған шараларға қатысу;
- жас маман жұмысының нәтижесін қадағалау, педагогикалық диагностика, жас мамандардың дидактикалық материалды, электронды оқу материалдарын және т.б. әзірлеуін ұйымдастыру.

Жас мамандармен жұмыс			
Жұмыстың мазмұны	Жұмыстың түрі	Жауаптылар	Мерзімі
№1-отырыс. 1. 2024 - 2025оқу жылында «Жас мамандар» мектебінде жүргізілген жұмыстардың қорытындысын талдау. 2. Тәлімгер мен жас мамандар жұмысының жеке жоспарларын бекіту.	Отырыс	Әдіскер, тәлімгерлер	Қыркүйек

3. Жас мамандарды ұжымның қызметі және ережелерімен таныстыру. 4. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуге қатысты нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру, талқылау. 5. Топтардағы құжаттарды жүргізу бойынша әдістемелік көмек көрсету. 6. Жас мамандардың балалардың барлық жас ерекшеліктері бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған әдістемелік кітаптар көрмелерін дайындау және ұйымдастыру. 7. Жас мамандарға сауалнама өткізу.			
№2-отырыс. 1. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларына мониторинг жүргізуді үйрету. 2. Тәрбиелеу циклограммасын жоспарлау. Балалармен бір күн ішіндегі іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру. 3. Шығармашыл ұстаздардың ҰІӨ-не жас мамандардың қатысуы. 4. Жас мамандар жұмыстарының қажеттіліктеріне байланысты кеңестер.	Дөңгелек үстел	Әдіскер, тәлімгерлер	Желтоқсан
№3-отырыс. 1. Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге керекті көрнекілік құрал-жабдықтарды, дидактикалық материалдарды дайындауға көмектесу.	Практикалық жұмыс	Әдіскер, тәлімгерлер	Наурыз

2. Ата-аналармен жұмыс жүргізу бойынша кеңестер.			
№4-отырыс. 1. Портфолио жинақтау. 2. Жас мамандар апталығы (ашық есік, тәрбиелік іс-шаралар). 3. Жұмыс қорытындысын шығару. Жас мамандармен сұхбаттасу, кәсіби жетістіктерін бағалау мақсатында сауалнама жүргізу.	Ашық көрсетілім	Әдіскер, тәлімгерлер	Сәуір

Хаттама №1-ОТЫРЫС

11.09.2024ж

Тақырыбы: «Кәсіби бастау: нормативтік база және мектепке дейінгі ұйымдағы құжаттама»

Өткізілу түрі: Нұсқаулық-әдістемелік семинар, диалогтік алаң.

Жауаптылар: Бөбекжай әдіскері, тәлімгерлер

№	Жұмыс мазмұны мен тақырыптары	Өткізілу түрі / Әдісі	Күтілетін нәтиже / Өнім
1	2023–2024 оқу жылының қорытындысы мен жаңа міндеттер. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасының басымдықтарын талдау.	Таныстырылым, баяндама	Жас мамандар жаңа оқу жылының негізгі мақсаттарын айқындайды.
2	Нормативтік-құқықтық базамен танысу. Мемлекеттік стандарт (МЖБС), Тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының талаптары.	Дөңгелек үстел, талдау	Тәрбиешінің күнделікті жұмысында басшылыққа алатын заңнамалық негіздері қалыптасады.
3	Тәлімгерлік жұмысты ұйымдастыру. Жас маман мен тәлімгердің 2024–2025 оқу жылына арналған жеке даму жоспарын бекіту.	Кеңес беру, келісімшарт	Жылдық бірлескен жұмыс траекториясы бекітіледі.
4	Еңбек тәртібі және ішкі ережелер. Бөбекжайдың ішкі тәртіп ережелерімен, педагогикалық әдеп нормаларымен және қауіпсіздік техникасымен таныстыру.	Инструктаж, сұхбат	Жас маманның еңбек дисциплинасы мен жауапкершілігі артады.
5	Топологиялық құжаттама: Топтық журналдар, балалардың келу есебі, табель жүргізу және танымдық папкаларды рәсімдеу тәртібі.	Мастер-класс, тренинг	Топтық құжаттарды сауатты толтыру көмегі көрсетіледі.
6	Әдістемелік көрме: Жас ерекшеліктерге арналған дидактикалық әдебиеттер мен	Көрме-шолу	Оқу-әдістемелік кешендерді (ОӘК)

	әдістемелік құралдар көрмесін таныстыру.		дұрыс таңдауға үйренеді.
7	Бастапқы диагностика: Жас мамандардың кәсіби қажеттіліктері мен қиындықтарын анықтауға арналған сауалнама.	Анкеталау	Кәсіби дамудағы «әлсіз тұстар» анықталып, жеке кеңестер жоспарланады.

Әдіскер:  Мусаева А.А.

Хаттама №2-ОТЫРЫС

12.12.2024ж

Тақырыбы: «Оқу-тәрбие процесін жоспарлау: циклограмма және педагогикалық мониторинг»

Өткізілу түрі: Практикум-семинар, шеберлік сыныбы.

Жауаптылар: Әдіскер, тәлімгер

№	Жұмыс мазмұны мен тақырыптары	Өткізілу түрі / Әдісі	Күтілетін нәтиже / Өнім
1	Тәрбиелеу-білім беру циклограммасын құру. Балалардың бір күндік режимін (таңертеңгі қабылдау, серуен, ойын, ҰІӨ, ұйқы) тиімді жоспарлау.	Практикалық тапсырма, модульдік жоспарлау	Жас маман апталық/күндік циклограмманы өздігінен сауатты құрастырады.
2	Балалардың біліктері мен дағдыларына мониторинг. Бастапқы (кіріспе) және аралық мониторинг көрсеткіштерін толтыру, карталармен жұмыс.	Практикум, аналитикалық талдау	Балалардың даму индикаторларын (А, Б, В деңгейлері) дұрыс бағалауды меңгереді.
3	Шығармашыл ұстаздардың ҰІӨ-не қатысу. Озат тәжірибелі тәрбиешілердің ашық сабақтарына қатысу және педагогикалық талдау (анализ) жасау.	Сабаққа қатысу, рефлексия	Өзге әріптестердің тиімді әдіс-тәсілдерін өз жұмысына енгізеді.
4	Ұлттық құндылықтар мен ойындарды интеграциялау. Серуенде және сабақтан тыс уақытта ұлттық ойындарды («Тақия тастамақ», «Асық ату» т.б.) қолдану.	Шеберлік сыныбы	Балалардың ойын әрекетін ұлттық нақышта ұйымдастыруды үйренеді.
5	Жеке кеңестер: Жас мамандардың алғашқы тоқсандағы кездескен қиындықтары бойынша сұрақ-жауап сағаты.	Миға шабуыл, пікірлесу	Жұмыс барысындағы қателіктер сарапталып, шешімі табылады.

Әдіскер:  Мусаева А.А.

Хаттама №3-ОТЫРЫС

17.03.2025ж

Тақырыбы: «Заманауи дидактика және ата-аналармен тиімді серіктестік»

Өткізілу түрі: Практикалық тренинг, идеялар аукционы.

Жауаптылар: Әдіскер, тәлімгерлер, балабақша психологы.

№	Жұмыс мазмұны мен тақырыптары	Өткізілу түрі / Әдісі	Күтілетін нәтиже / Өнім
1	Дидактикалық және көрнекілік материалдар дайындау. Заманауи көрнекіліктер, 3D/интерактивті құралдар, ләпбук және дамытушы ойын жинақтарын жасау.	Шеберхана (воркшоп)	Жас маман ҰІӨ-ге арналған сапалы дидактикалық қор қалыптастырады.
2	Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру. Ата-аналар жиналысын өткізу форматы, тренингтер мен жағдаяттық сұрақтарды шешу.	Рольдік ойын, кейс-стади	Ата-аналармен конструктивті диалог құру және конфликтсіз қарым-қатынас дағдысы дамиды.
3	Цифрлық технологияларды (КТ) қолдану. Canva, Wordwall, Padlet сияқты онлайн платформаларды балабақша оқу процесінде пайдалану.	Ақпараттық презентация	Цифрлық этно-кеңістік пен интерактивті тапсырмалар дайындай алады.
4	Психологиялық тренинг: «Тәрбиешінің кәсіби эмоционалды күйзелісінің алдын алу және эмоционалды интеллектіні дамыту».	Психологиялық тренинг	Жас маманның стресске төзімділігі артады, ұжымда жағымды микроклимат қалыптасады.

Әдіскер:  Мусаева А.А.

Хаттама №4-ОТЫРЫС

15.05.2025ж

Тақырыбы: «Кәсіби өсу қорытындысы: жас маманның кәсіби портфолиосы мен шығармашылық есебі»

Өткізілу түрі: Фестиваль, ашық көрсетілім, портфолио қорғау.

Жауаптылар: Әдіскер, тәлімгерлер, сараптамалық комиссия.

№	Жұмыс мазмұны мен тақырыптары	Өткізілу түрі / Әдісі	Күтілетін нәтиже / Өнім
1	«Жас мамандар апталығы». Жас тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен тәрбиелік шараларының марафоны.	Ашық есік күндері, ашық көрсетілім	Жас маман өз шеберлігін іс-жүзінде әріптестеріне көрсетеді.
2	Кәсіби портфолио жинақтау және қорғау. Жыл бойы жинақталған сабақ жоспарлары, марапаттар, балалардың жетістіктері мен мақалаларын жүйелеу.	Презентация, портфолио қорғау	Жас маманның жеке электронды/қағазша кәсіби портфолиосы жасақталады.
3	Соңғы (қорытынды) мониторинг. Балалардың оқу жылы соңындағы даму деңгейлерін талдау.	Диагностикалық карталар	Жас маманның жылдық еңбегінің нәтижелілігі көрінеді.
4	«Жас мамандар мектебінің» қорытындысы. Сұхбаттасу, кері байланыс сауалнамасын жүргізу, жыл үздіктерін анықтау және марапаттау.	Қорытынды конференция, рефлексия	Жас мамандардың кәсіби өсу деңгейі бағаланып, келесі оқу жылына ұсыныстар беріледі.

Әдіскер:  Мусаева А.А.